

ӘОЖ 101.8:316.3(=943742) (100)

Г.С. Омарова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: gulnar@mail.ru

### **Жаһандану жағдайындағы шетел қазақтары рухани құндылықтарын сақтау мәселелері**

**Аңдатпа.** Мақалада жаһандану жағдайындағы шетел қазақтары рухани құндылықтарын сақтап, өзін-өзі дамыту негіздерінің жобасын жасауға, әлем қазақтарын байланыстыратын тұғыр ұлттық идеяны қалыптастыруға жалпы қазақ зиялылары көшбасшылық рөл атқару керектігі қарастырылады. Автор, сондай-ақ қазіргі кезде жаңа қазақтардың шетелге шашырауы орын алып отырғанына, шетелдегі ғана емес, жалпы қазақ арасында ассимиляция процесінің терең қарқын алу қаупі туындап отырғанына тоқталады.

**Түйін сөздер:** жаһандану, рухани құндылықтар, әлемдік өркениет, ұлттық идея, сана.

Жаһандану үдерісінің этностарды ұлттық бет-бейнесінен айырып, ұлттық ерекшеліктің бұл заманауи құбылыспен сыйыспайтын қырларының орын алу мүмкіндігі қоғамтанушылардың алаңдаушылығын туғызуда. Жаһандану үдерісі кез келген этнодиаспоралық кеңістіктердегі оқшау ұлттардың ғана емес, бүкіл адамзаттың әлеуметтік мәдени дамуына үлкен әсерін тигізетіні сөзсіз. Жаһандану кезінде өзінің атақонысынан тыс өмір сүретін диаспоралардың жергілікті үстем этностарға сіңісу қаупі терең белең алуы мүмкін. Барлық дәуірлерде уақыт пен кеңістіктерде заманауи үрдістердің өзгеруі ең алдымен адамға, этностардың әлеуметтік мәдени дамуына үлкен әсерін тигізіп отырғаны белгілі. Әлеуметтік мәдени даму барысында бір кеңістікте тұратын үстем ұлттар мен диаспора өкілдері өзара қатынастарды реттеу, табиғаттың тосын мінездеріне т.б. қиындықтарға бірге төтеп беру, өзара сұхбат пен келісімді нығайтып т.б. үрдістерді орнатуы барысында олар бір-бірімен терең ықпалдасу аясында қалады. Сондықтан олардың бір біріне еліктеушілігі орын алып, басым түскен мәдениетпен ықпалдасу барысында келесі бір ұлт өзінің ұлттық болмысын жоғалтуы мүмкін. Бұл әсіресе, тілдің шұбарлануы мен тұрмыстағы басқа ұлт мәдениетінің әр түрлі салт дәстүрлерін қабылдаудан туындап жататыны белгілі. Бүгінгі күні шетелдегі қазақтарға өздері өмір сүріп, тіршілік етіп отырған дамыған елдер тілі мен мәдениетінің ықпалы зор болып отыр.

Шетел қазақтары қай жерді мекендейтініне қарамастан олар этноним атауын толық сақтап қалған. Сонымен қатар олар этногенетикалық шығу тегін анық айқындаған. Рухани құндылықтарын жаңғыртып отырған әсіресе атақонысында қаймағы бұзылмай отырған қазақтар. Шетел қазақтарына ұлттық дәстүрлерін жалғастырып, ұлттық болмысты әрі қарай дамыту ісі күрделі проблема болып отыр. Алыс шетелдегі қазақ диаспорасының ана тілін қандай күйде болса да сақтап қалуының өзі игі, алайда жасы үлкендерге қарағанда жастар мен төменгі сынып жасындағы балалар тек шет тілдеріне бет бұрған.

Қазіргі кезде Ресей, Қытай, Монғолия, Өзбекстан қазақтарының ғылым мен техника саласында биік деңгейлерге жеткен көптеген қандастар бар екені байқалып отыр. Әсіресе Ресей, Қытай, Монғолия, Өзбекстан қазақтарында өз тарихы мен мәдениетін зерттейтін үрдістер қалыптасқан. Шетел қазақтары арасында әлемнің дамыған елдерінде жоғары білім алған мамандар, жоғары оқу орнын басқаратын т.б. мәнсапты қызмет орындарында, елші, консул, жергілікті елдер парламент мәжілісінде қызмет ететін қандастар бар. Өз ата қонысындағы қазақтар мен Достастық елдері қазақтары әсіресе ғылым саласында жетілген, өздері қоныстанған жергілікті жердің мәнсапты орындарында қызмет етеді [1, 59 б.].

Қазақстаннан шетелге оқуға кеткен қазақтар

бұрыннан шетелде тұратын қазақтармен негізінен құндылықтар алмасу тұрғысында байланыс орнатпаған. Қазіргі кезде жаңа құтты қоныс «Жиделі, байсын жерін іздеп» (Қ. Қоңыр-атбайұғылы) жұмыс, жақсы өмір іздеп қандай адамдар шет елдерге бара алады. Әрине, бұл тұрғыдан қоғамымыздың әлеуметтік топтарын сараламағанмен шет елде мәңгілікке өмір сүруге қалып жатқандар ауылдан шыққандар емес, көбіне ең алдымен жоғары білімді, қалталы азаматтар екені байқалып отыр. Соңғы 20 жылда шетелге кеткен бұл жаңа қазақтар да бұрыннан шетелде тұратын қазақтармен негізінен терең байланыс орнатпаған, олардың санасында әлі де қай бағытта дамуы жөнінде орнықты терең бейімділік үрдісі орнамағанымен айқындалып отыр. Шетел қазақтары шетелдіктермен қоян қолтық ықпалдастық аясында қалғандықтан олар дамыған шет елдерде қазақ мәдениетін жоғары деңгейге көтеруге қызмет ету шараларына араласуы керек деп ойлаймыз. Сондықтан олардың санасында ұлттық идеяның қалыптасуына ықпал ететін, патриоттық сезім оятатын көкейге қонымды іс-шаралар ұйымдастырылуы абзал болар еді. Бұл шара шетелдегі білімді, қазақ адамына дұрыс бағыт бағдар беретін, ұлттық рухани құндылықтарды сақтап, дамытуға үлгі болатын жоба жасаудан басталу керек.

Шетелдегі қазақ адамы заманауи жаһандық құбылыстарға өздігінен төтеп бере алмайды. Шетел қазақтары өркениетті рухани жаңару үрдісінің жобасын өз еркімен жасауы қиындық әкелетіндіктен олардың саналы, орнықты дамуына бет бұруы үшін бұл жобаны жасауға жалпы қазақтың зиялы қауымы ат салысуы қазіргі заман талаптарынан туындап отыр. Бұл мәселеге жалпы қазақ зиялыларының көшбасшылық рөл атқаруы, шетел қазақтары мәдениетін сақтауға ғана емес, бұл дамыған елдер алдында жалпы қазақтың даралылық орнын жоғары деңгейге көтеруге де қызмет етуі керек деп ойлаймыз. Бұл мәселеде қарапайымнан күрделіге қарай сатылып өркендеу позициясын ұстануда шетелдегі орыс, неміс т.б. тәжірибесінен ең қарапайым мәдени бейімділік үрдістерін жолға қоюдан бастауға да болады. Бұл үрдісті дамытуға Ресейде Минфин, Ресей елшіліктері жанындағы мәдениет бөлімдері де ат салысуда. А.А. Авдеев: «В.Путин «орыс әлемімен Ресей бай» екендігін айтқанда ол дүниедегі, әлемдегі орыс диаспорасын «орыс әлемін» айтып отырғандығын айта

келіп, «Ресейдің жетістіктерін диаспоралар өзінің жетістігіндей сезінеді... күшті мемлекеттің диаспорасы да күшті болуы керек. Бірақ бұл жердегі ерекшелік біздің диаспораларымызбен жұмысымыз диаспоралар орналасқан елдерде олардың қызметіне ешқандай күдік, абыржу, қам жеу туғызбайтындай болу керек. Қай кезде де біздің қызметкерлер тарапынан әдептілік және маманның кәсіптік деңгейі жоғары машықтығы, даярлығы қажет» дейді [2, 21-23 б.]. Ресей президенті В.Путин мен Ресейдің Франциядағы бұрынғы елшісі А. Авдеевтің бұл пайымдаулары көкейге қонымды және диаспоралармен қызмет ететін мамандарға үлгі екендігін айту керек.

Шетел қазақтары рухани құндылықтарын сақтауға қызмет ететін бағыттар анықталып, олардың арасында өз елінің игілігіне қызмет етуге ықпал ететін екі ел арасындағы «көпір» мәселесі туралы түсінік қалыптастырып, осы мәселенің айшықты қырларын танып білуге көмектесу, жан жақты түсіндіру, мәдениетаралық өзара байланыстарды дамытуға бейімдеу, патриотизм сезімдерін қалыптастыру алдағы міндет. Бұны осы күнгі әсіресе қытай, түрік, армян т.б. диаспораларының тәжірибесінен байқап көруге болады. Мәселен, А. Ларин шетелдердегі қытайлардың («Хуацяо») [3, 32 б.] бүгінгі аспан асты елі – Пекин үшін ішкі, сыртқы саясатта ғана емес, халықаралық саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени мақсаттар үшін қыруар жұмыстар атқарып, бүгінгі Пекинге миллиардтаған пайда кіргізіп отырғандығы жөнінде айтады. Шетел қазақтары өз ұлттық құндылықтарын шетелдерде өздері сақтап отырып жан жақты дамытуды қолға алуы үшін, оларға жоғарыда аталған рухани құндылықтарын дамытудың жаңа жобасы үлгі болуы керек деп ойлаймыз. Олардың әлеуметтік мәдени даму бағыттары жалпы қазақ мәселесімен аастастырыла санаға сіңірілуі маңызды. Бұл мәселені шешуге жалпы қазақ зиялылары бірлікте ат салысуы, осы мәселені іске асыруға септігін тигізіп қана қоймай, бұл ұлттық мәдениетімізді әлемдік көпмәдениеттер тоғысқан ортаға жақындатудың, дамытудың бір көрінісі болар еді. Ал, шетел қазақтары бұл күрделі мәселені өздігінен шешуге қазіргі кезде қауқарсыз екені байқалып отыр.

Шетел қазақтары қандай құндылықтарды басшылыққа алу керек? Шетел қазақтары ғана емес, жалпы қазақ әлемнің дамыған елдері алдында әлемдегі біртұтас қазақты жоғары деңгейге

көтеретін өркениетті жаңа рухани дамуға талпыну ғана емес, батыл қарыштап қадам басуы керек. Бұл бүгінгі күні елбасымыз Н.Назарбаевтың жолдауынан байқалған айқын даму жолы. Шетел қазақтары барлық салада ең алдымен өте жоғары мәдениеттілікті басты назарға алып, әсіресе жаңа технологияны дамыту, білім мен ғылым саласында жоғары дәрежеге жету басты орында болуы керек. Мәдениетаралық және өзара күрес тудыратын этномәдени фактілердің белең алуы тұсында шетел қазақтары мен жалпы қазақты бір арнаға тоғыстыратын біртұтас дүние жүзі қазақтарын байланыстыратын жалпы қазақ халқының ұлттық идеясы санаға сіңірілуі керек. Осы ұлттық идеяны басшылыққа ала отырып, қазақтың шетелдердегі құрамдас бөліктері өз туған тілі мен бірегей мәдениетін дамытуы арқылы рухани дүниесін ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге қызмет ететін құрылымдарды одан әрі күшейтіп, туған халқының көркеюіне қызмет етуі керек. Сонымен қатар олар шетелде жүрсе де басқа ұлттардан білім мен ғылым, өнер мен мәдениетін дамытудан жоғары деңгейде көрінуі керек.

Шетелге кеткен жаңа қазақтар да бұрыннан шетелде тұратын қазақтармен өзара қатынас орнатып, олар өзара құндылықтар алмасуын іске асыратын шаралар ұйымдастырса олардың бір біріне берері көп. Олар өздері шыққан елінің игілігіне қызмет етіп, патриоттық құлшыныс білдіру үшін олар қызығушылық танытатын, олардың бәсекелестікке қабілетін арттыратын жобалар жасалып, оларға ой салатын бағыт бағдарлар берілуі керек деп ойлаймыз. Осы қызметте М.Шоқай, Р.Мәрсекөв, Т.Рысқұлов т.б. алаш азаматтарының шетелдердегі қазақтар арасындағы қызметі үлгі болуы керек. Шетел қазақтары жалпы қазақпен бірге дамыған елдер алдында жалпы қазақ мәдениетін жоғары деңгейге көтеруге ат салысуы үшін, олардың санасында ұлттық идея қалыптасуына ықпал ететін шаралар ұйымдастырылу маңызды.

Шетел қазақтары бірнеше тілдерді меңгерген, олар шетел кәсіпорындарында кейбір өнеркәсіп өнімдерін өндіруде тәжірибелері бар, сондықтан олардың арасында әсіресе халықаралық өнеркәсіпті дамыту, жоғары дәрежелі тері өнімдерін өндіру т.б. салаларда табысты еңбек көздерін жетілдіруді насихаттаудың, жаңа өркениетті дамуға бейімдеудің маңызы зор. Бұл үрдістерді қалыптастыруға шетел қазақтарын

зерттеушілерден бастап, жалпы қазақтың зиялылары ат салысуы 30-шы жылдары Алаш ардақтылары жасаған тыңғылықты қызметті еске салады.

Шетелдегі орыс диаспорасының өкілі, көрнекті орыс философы Федотов пен көрнекті ағартушы, ақын А.Үлімжіұлының сонау ертеде айтып кеткен сөздерінің бүгінгі күні де өзектілігі артуда. А.Үлімжіұлы «Қазақ өз алдына ел болып, тәуелсіздікке қол жеткізіп, өркениетті елдер қатарына жете ала ма?» [4, 17 б.] десе, шетелдегі орыс философы Федотов «Будет ли существовать Россия?» [1, 174 б.] деген болатын. Өз тарихи отанынан жырақта жүрген ойшылдар өз елінің келешегін сол кездері ойлады. Енді, осы ойды қазір ойлайтын, ұлт болашағын ойлайтын әрбір көкірегі ояу өз елінің шетелдегі қазақтар арасынан шыққан патриоты болу керек деп ойлаймыз.

Тарихи этникалық атажұртына келген қандастардың кері қоныс аударып кетуі қайшылықты проблемалардың бет бейнесін ашып көрсетті. Бұрын бұл қазақтардың аталары асқан қиындықтарды бастан кешіп, кіндік қаны төгілген атақонысқа келіп ат басын тіреуді армандап, «тар жол, тайғақ кешуде» мың өліп, мың тірілген еді. Енді сол қариялардың балалары өз тарихи отандарынан кері қоныс аударуда. Тарихи отаннан кері қоныс аударуды бастаған Монғолия қазақтары болғанмен, бұл үрдіс Түркия т.б. елдерден оралған қандастар тарапынан жалғасын тапқаны белгілі. Бұл қайшылықты басымдық танытып отырған мәселе күрделі зерттеуді қажет етіп отыр. Дамыған шет елдерде мәдениетаралық өзара ықпалдасу аясында қалып өмір сүрген, тарихи отанына оралған қандастар санасында қалыптасқан өзіндік ерекшеліктер мен жалпы қазақтың тарихи санасында өзіне тән кейбір ерекшеліктердің орын алуы заңды құбылыс. Әлем қазақтары арасында құндылықтардың алмасуын, өзара ынтымақтастығын іске асыратын құбылыс бұл біртұтас қазақты бір арнаға тоғыстыратын ұлттық идея қалыптастыру болып табылады. Біртұтас дүние жүзі қазақтарын тұтастандырушы, байланыстырушы ұлттық идея қалыптастыру қазіргі заманауи талаптардан тұрындап отыр.

Шетелдердегі қандастарымен тыңғылықты жұмыс атқаратын Германия, Израиль т.б. секілді елдерден бірқатар мәселелерде біршама үлгілер қолға алу керектігі жайында пікірлер

бар. Алайда, біз Германия, Израиль елдерінен кейбір мәдени бейімдеу тұрғысындағы үлгілерді алғанымызбен, олардың этномәдени дамуы, өмір салты басқа. Біз ең алдымен қазақ қоғамының басты байлығы қазақ адамына қолайлы жағдай жасауға талпынып, қазақ адамының табиғаты мен өмір салтына, қазіргі тыныс тіршілігіне байланысты көзқарасты басты назарда ұстап, шетел қазақтарын да өздері меңгерген дәстүрлі шаруашылық тәсілдері мен тіршілік көздеріне, ерекшеліктеріне қарай жүйелі, қомақты қоныстандыру, өз ерекшеліктеріне сәйкес жұмыспен қамту мәселесіне назар аударылу керек секілді. Кері қоныс аударып бәрін қайта бастау әрине шетел қазақтарын көп шығынға қалдырды.

Елге оралған қандастарды қоныстандырудың мәдениеті болуы керек. 1. олардың өздерінің қол жеткен табысты қызмет көзін дамытуына жол ашып, білім алмасу аясын кеңейту шығармашылығын қолданысқа енгізу; 2. олардың өздері ертеде кеткен кеңістік аясына сәйкес, өз ерекшеліктеріне қарай қомақты қоныстандыру; 3. жаңа қоныстанған қоғамға бейімдеу әлі де үйренумен, үйретумен берілетін мәдени бейімдеу қанағаттанарлық деңгейде болу керек; 4. әлде де тәрбиемен, оқу-біліммен берілетін ошақ көзі біздің ойымызша өзекті, өйткені бұрын олар шетелдіктер арасында өмір сүрген еді, енді тарихи отанына келді. Сондықтан бұл қандастардың санасына (мәселен: ұлттық құндылықтарды қастерлеу, ел игілігіне қызмет ету, патриотизм сезімін ұялатып, психологиялық тұрғыда бейімделуге қанағаттанарлық бағыт беру т.б.) дұрыс ұлттық бағыт-бағдар сіңіру керек [1,171б.]. Бұл мәселені әрине оралған қандастар бөлектеніп, өздігінен шеше алмайды, бұл мәселені арадағы қайшылықтарды ескере отырып шешудің бағыттары мен жоспары болуы керек деп ойлаймыз.

Қазіргі кезде біртұтас қазақ халқы қай жерде тұратынына қарамастан шетел қазақтары ғана емес, жалпы қазақтың жаппай ассимиляцияға ұшырау қаупі туындап отыр. Қазақ халқының келер ұрпағының мәңгірттенуіне терең ықпал ететін бұл үрдіс шетел қазақтарына Қазақстан қазақтарын қосқанда дүниежүзілік сипат алғалы отыр. Қазақ қоғамында ұлттық идея мен патриоттық рухани насихат орнату қажеттігі қазіргі кезде Қазақстанда және Қазақстаннан шетелге оқу, еңбек, өнер т.б. мақсаттармен кеткен

қазақ қыз-жігіттердің және шетел қазақтарының (ағылшын, қытай, неміс, американ, француз, испан, ливан, египет, конго, африка, корей, түрік, жапон, өзбек, ресей, закавказье, араб әмірлігі т.б.) шетел азаматтарымен тұрмыс құруы, қазақ халқы тарихында бұрын соңды болмаған маргиналь топ құрып, ұлттың жаппай мәңгірттенуіне терең ықпал еткелі отырғандығынан да туындай түсіп отыр. Қазақстан қазақтары Кеңес Одағы тұсында негізінен бұрынғы Кеңес елдері азаматтарымен оқуға кетіп т.б. себептермен некелесетін еді, қазір Қазақстан қазақтары алыс шетел азаматтарымен жиі некелеседі. Қазақтар арасында аралас некелер көптеп орын ала бастағандықтан бұл жаппай қазақтың ассимиляцияға ұшырау қаупін туындатып отыр.

Сонымен қатар соңғы 20 жылда және қазіргі кезде жаңа қазақтар кәсіп, оқу, білім, өнер т.б. себептермен шетелдерге кету арқылы жаңадан қазақтардың шетелдерге таралуына терең ықпал етіп отыр. Бұл үрдіс еліміз қазақ балаларының шетел азаматтарына сатылуымен жалғасын тауып отыр. Қазақ балаларының өз Отанынан заңды түрде шетелге сатылып кетуінің өзі балалардың кәмелетке толмауына байланысты балалар тарапынан бұл жалпыадамзаттық құндылықтар мен адамгершілік этикалық заңдарды ескермеу болып табылады. Бұл үрдіс бүкіл Достастық елдерінде орын алып, мемлекеттік тұрғыда халықаралық адам құқығы жөніндегі заңға сәйкес заңдастырылған заңды құбылыс болып табылады. Алайда, ата-анасыз, жетім балаларды сату жалпыадамзаттық құндылықтар, адамгершілік, этикалық заңдар тұрғысынан Достастық елдері аясындағы адам құқығы жөніндегі заңдар төңірегінде қайта ой елегінен өткізіліп, зерделенуі керек деп ойлаймыз. Кез келген қоғамның басты байлығы саналатын адам саудасы арқылы қазіргі демократиялық қоғамда дәулет кіргізу, – бұл құбылыстың басы сонау ерте құл иелену заманында-ақ орын алғаны белгілі. Жалпыадамзаттық құндылықтарға сәйкес, бұл заң Достастық елдері шеңберінде қайта қаралып талқыға түсуі керек. Заңды тұрғыдан қазақтың өз қолымен шетелге сатылған жас бүлдіршіндерін, қазақ халқының жас ұрпақ өкілдерін, болашақ қазақ елін көркейтуге ат салысатын қоғамымыздың басты байлығы жас қазақтарды тәрбиелеудің жаңа бағыттарын ұйымдастырып және қазақ қоғамында туылған түрік, орыс, украин, белорус, кәріс т.б. ата-анасыз жетім балалары да

Қазақстанда қалып, өсіп өніп, қазақтың игілігіне қызмет етуі керек еді. Кезінде монғолдар қыпшақтарды араб т.б. елдеріне сатуынан шетелдерде мәмлүктер қалыптасты. Сол қыпшақтар Европа, Араб елдерінде ассимиляцияға ұшырап ғайып болды. Кезінде Батыс Европа елдері өзінің отар елдерінде тірі тауар сатумен айналысатын «Африкалық компания» құрып қыруар дәулет кіргізгені белгілі. Қазір Достастық елдері жас бүлдіршіндерді сатумен айналысатын демократиялық қоғамда «Африкалық компания» деп аталмаса да, халықаралық заңға сәйкес адам саудасын жасап дәулет кіргізу берік сақталып отыр. Сондықтан Қазақстан мен Достастық елдерінде жетім балаларға қатысты жаңа іс-шараларды ұйымдастырып өрбітсе, бұл балаларға деген құштарлықты туғызар еді.

Әлемдегі қазақтарды байланыстырып тұрған ұлттық идеяны біз қалай түсінуіміз керек? Ә.Нысанбаев: «Мемлекет халықты іштей топтастырып, біріктіретін, ілгері дамуға жетелейтін, көпшіліктің мүддесіне сай келетін жалпыұлттық идеяны темірқазық етіп ұстайды... Мұны қазіргі таңдағы жалпы ұлттық-мемлекеттік идея деп атасақ артық емес» дейді [5, 54б.]. С. Нұрмұратов: «Ұлттық идея қоғамдық санадағы прогресті қамтамасыз етуші рухани күш...» [6, 38-39б.] дейді. Шетел қазақтары мен тарихи Отандағы қазақтарды байланыстыратын ұлттық идеяны нақты анықтап, танып білетін уақыт келді. Өйткені, қазіргі уақыт талабы әлем Қазақтарының алдына заман талабына сай күрделі мақсаттар жүктеп отырған қазіргі кезеңде, біртұтас ел болу тұғыры керек. Дәлірек айтқанда, шетелдегі отандастарымыз ұлттың өзін ұлт болып ұюға жетелейтін бағыт-бағдарға, қауымдастықты топтастыратын ұлттық идеяға зәру екендігі айқын байқалды. Сондықтан шетел қазақтарының әлеуметтік мәдени дамуына дұрыс бағыт беретін жоба-үлгі қажет.

Шетелге шашыраған орыс, украин т.б. диаспоралар алыс шетелде жүріп ұлттық мектептерінен бастап еркін институттар, ұлттық ғылыми-зерттеу орталықтарын құрып, өздері құрған мәдени орталықтарда: өз ұлтына қажетті бастауыш мектептерге, Институттарға ұлттық тілінде оқулықтар жазып, газет, ғылыми журналдар ашып т.б. салаларда ұшы қиырсыз құндылықтарды жасады. Аталған құрылымдардың кейбірін өз атақонысын мекендеп отырған шетел қазақтары да жасады. Мәселенің түйіні, енді осы

құндылықтарды сақтап отырып дамытуда. Орыс, қазақ т.б. диаспоралар өз ұлтының жанашыры болып ұрпақтарына «туған халқына берілген, туған ұлтын сүюге» тәрбиелеу жолында жанқиярлық істерге барғанын айтуымыз керек.

Қазақ халқының тәуелсіздігін аңсап, шетелдерде жүріп туған елі үшін күрес жолына өзінің бүкіл саналы ғұмырын арнаған М.Шоқайдың ұлттық идеясы біртұтас дүние жүзі қазақтарын біріктіретін ұлттық идеяның жарқын көрінісі болды. Өз ұлтын шексіз сүюдің ғажайып көрінісін шет елдерде ауыразап шегу үстінде жүріп жасаған М.Шоқайдың өмірі дүние жүзіндегі қазақтарға теңдессіз үлгі. Осы үлгіден нәр алып, шетел қазақтары көптеген қиындықтарды жеңіп өз тілі мен мәдениетін жандандыруға толық мүмкіндігі бар. Қ. Қабдрахманов адами тіршілік қарекетінде адамға толып жатқан қиындықтар сылтау болып, өз болмысынан алшақтайтынын айтып: «Отансыз адам айдалада қалып, дүниеде «ешкім емес» күй кешеді. Адам болу идеясы өте маңызды. Ақиқатта табан тіреп, Отанмен бірге болу керек. Мен нағыз адамның өмірлік ұстанымын осылай түсінемін» [7, 264-265 бб.] дегені секілді, «Отан» әрбір саналы адам үшін өте қасиетті, әрбір адам әлеуметтік мәдени жағынан өзін Отаннан тыс есептеп, сезіне алмайды. Шетел қазақтары арасында білім, ғылым, мәдениетті дамытуға Т. Рысқұлов, Ә. Бөкейханов, Р. Мәрсеков, М. Дулатов, А. Байтұрсынов, Зият Шәкәрімұлы, Сейтқазы Нұртаев, Ә. Найманбаев, М.О. Әуезов т.б. қазақ зиялылары үлкен ықпал еткені белгілі. Осы қолдаумен шетел қазақтары арасынан шыққан зиялылар өз ұлттық құндылықтарын дамытып, өзіне тән рухани құндылықтарды жасап, қазақ әдебиеті мен мәдениетін дамытуға зор үлес қосты. Қазіргі шетел қазақтарына өз арасынан шыққан ұлт зиялылары мен Оспан т.б. батырларының ұлты үшін жан беруі, шетел қазақ ойшылдары Ақыт, Таңжарық т.б. ұлты үшін жасаған қызметі үлгі болуы керек. Осы ұлты үшін қасиетті қызметке ат салысатын шетел қазақтары арасынан шыққан көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар, зиялылар ұлтымыздың болашағы үшін жүргізілетін саналы қызметтің басында болуы керек. Бұл үрдіске Қазақстан зиялы қауымы көшбасшылық рөл атқарып, ат салысуы, моральдық қолдауы да қажет деп ойлаймыз.

Шетелдерде Германия, Израиль, Қытай т.б. елдерінің өз қандастарымен арақатынасын дамыту тәжірибелері мол. Кеңес Одағының ыдырауы-

на байланысты диаспораларымен тыңғылықты жұмыс атқаруға іле кіріскен елдердің бірі Ресей. А. Авдеев тек Париж қаласындағы орыс орталығында бір мезгілде 500 адам орыс тілін оқып, үйренетінін айтады. Дегенмен орыс адамын кемеліне келтіріп, шетелдегі орыс ұлттық идеясының қалыптасуына бүгінгі Ресейдің емес, ертеде Ресейден кеткен көрнекті орыс зиялыларының көзден қанды жасты ағыза жүріп жасаған жанқиярлық еңбегінің жемісі екенін естен шығармағанымыз жөн.

Бүгінгі Ресей сол бастамаға ие болып, диаспораларымен жан-жақты күрделі стратегиялық бағыттардағы жұмыстарды іліп алып, жағастыруда. Бүгінгі Ресей диаспораларымен жан-жақты күрделі стратегиялық бағыттарда қарқынды жұмыс атқаруда. Ресей шетел орыс зиялылары жасаған рухани құндылықтарды Ресейге таныту мәселесіне қазіргі кезде үлкен назар аударып отыр. Ресейде Жоғары оқу орындарында «шетелдегі орыс әдебиеті» т.б. арналған арнаулы курстар оқытылады. «Шетелдердегі орыс мәдени орталықтарын дамытуға көмектесу қоры» арқылы «Кітапты сыйға тарт» акциясы арқылы Ресей шеттегі және Достастық елдеріндегі орыс орталықтарына тегін кітаптар сыйлау рәсімдерін өткізіліп келеді. Бұл мәселелерге Ресейде сыртқы істер министрлігі, Росзарубежцентр, РЦНК (российские центры науки и культуры), Ресейден жырақта жатқан Орыс орталықтарымен қарым-қатынас орталықтары, арнайы құрылған мемлекеттік комиссиясының басшылығымен қаржы және мәдениет министрліктерімен бірге орыс елшіліктерінің жанындағы мәдени ұйымдар арқылы шетелдердегі отандастармен алуан түрлі мәдени жұмыстар қолға алынған. А.Авдеев шетелдегі орыс әлемі қазіргі өркениеттің құрамдас бөлігі деп есептейді. Тек бір Франциядан орыстың 460 кәсіби ақын-жазушылары шықты. Осы секілді атақонысын мекендеген қазақтар арасынан да би-шешендер, ақын-жыраулар, ойшылдар т.б. шықты. Алайда, осы күнге дейін бұл тұлғалар дүниетанымы мен олардың рухани құндылықтары елімізде әлі де терең зерттеу нысанына ілінбей отыр. Отандық ғалымдар тарапынан соңғы 20 жылда шетел қазақтарының мәдени-тарихи, әлеуметтік мәдени дамуы зерделеніп, бірқатар ұжымдық зерттеу жұмыстары, дүниежүзі қазақ қауымдастығы жанынан шыққан шетел қазақтары ойшылдары еңбектері, жекелеген ғалымдардың ғылыми зерт-

теу жұмыстары жарияланды. Алайда, аталған ғылыми зерттеулер негізінде осы уақытқа дейін елімізде Жоғары оқу орындарына арналған шетел қазақтары туралы арнайы оқулықтар даярланбағаны белгілі. Мұндай оқулықтарға сұраныстың болмауы Жоғары оқу орындарында шетел қазақтары тарихынан т.б. дерек беретін арнаулы курстардың оқытылмауы себеп болып отыр. Мәселен, Ресейде шетелдегі орыс зиялыларын Ресейге таныту Кеңес дәуірінің 60-шы және 70-80 жж. қолға алуға мәжбүр болды. Біздің елімізде қазіргі кезде соңғы 20 жылда шетел қазақтары мәдени тарихи болмысынан дерек беретін ғылыми зерттеу жұмыстары негізінде Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдары: «шетел қазақ әдебиеті», «шетел қазақ тарихы» т.б. арнаулы курстар(спецкурстар) енгізіліп, оқулықтар жазылу қажеттігі туындап отыр. Отандық ғалымдардың зерттеу қорытындылары көрсетіп отырғандай шетел қазақтары рухани құндылықтар әлемі отандық тарихи-мәдени болмысымыздың бір бөлігі болып табылатындықтан шетел қазақтары әлеуметтік мәдени даму динамикасын Жоғары оқу орындарында оқытатын арнайы курстар енгізіліп, мектеп оқулықтарына (мәселен, әдебиет пәні хрестоматиясына қосымша «шетел қазақ әдебиеті» т.б.) оқу құралы даярланып, оқытылуы керек.

### Әдебиеттер

- 1 Омарова Г.С. Қазақ диаспорасы: философиялық талдаулар. Karatay KONYA – TURKIYE: «Bahcibanlar basim san. A.S.», 2011. – 191 б.
- 2 Авдеев А.А. Русские во Франции // Международная жизнь. – №8. – 2002.
- 3 Ларин А. Китайцы зарубежья в политике Пекина // Диаспоры. – 2006. – №2. – С. 175-216.
- 4 Үлімжіұлы А.Екі томдық шығармаларының толық жинағы. Том 1. Karatay KONYA – TURKIYE: «Bahcibanlar basim san. A.S.», 2011. – 653 б.
- 5 Нысанбаев Ә.Н. Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы. – Алматы, 2002. – 262 б.
- 6 Нұрмұратов С.Е. Қазақ рухани мәдениетінің тарихы және ұлттық идея // Қазақ мәдениетіндегі дәстүрлер мен инновациялар. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. 24 қараша, 2007 ж. 1-бөлім. – Алматы, 2007. – 241 б.

7 Қабдрахманов Қ. Қазақтың қазіргі заманғы мәдениеттану парадигмасы // Мәдени мұра: – 490 б. Әлеуметтік мәдени ой санасы. – Алматы, 2006.

Г.С. Омарова

### **Проблемы сохранения духовных ценностей казахов зарубежья в условиях глобализации**

В статье рассматриваются проблемы сохранения духовных ценностей казахов зарубежья в условиях глобализации, проект их дальнейшего саморазвития. Автор также рассматривает ведущую роль казахской интеллигенции в формировании национальной идеи казахов зарубежья. Автор подчеркивает, что в настоящее время новые казахи рассеяны по всему миру и процесс ассимиляции принимает внушительные размеры не только среди казахов зарубежья.

**Ключевые слова:** глобализация, духовные ценности, мировая цивилизация, национальная идея, сознание.

G.S. Omarova

### **The bases of conservation of spiritual values of the foreign Kazakhs in conditions of globalization**

It is considered in the article the bases of conservation of spiritual values of the Kazakhs abroad in conditions of globalization, the project of their self-development in the following years. The author also analyzed the leading role of Kazakh intelligentsia in the formong of national idea of the Kazakhs abroad. The author stresses that at the time the new Kazakhs are dissimilated all around the world and that the process of assimilation has gorgeous size not only among foreign Kazakhs.

**Keywords:** globalization, cultural wealth, world civilization, national idea, consciousness.